

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ КӘСІПОРЫНДАРЫН ІРІЛЕНДІРУДІҢ ҚАРЖЫЛЫҚ
ҮЛГІСІН НЫҒАЙТУДЫҢ ҚАҒИДАЛАРЫ ЖӘНЕ ЖАСАУ ТӘРТІБІ

PRINCIPLES AND RESEARCH FINANCIAL MODEL OF MERGER
AN ENTERPRISES OF AGRICULTURE

Есиркепова А.М., Копбаева Р.Т., Есиркепова М.М.

A.M. Yessirkepova, R.T.Korbayeva, Zh.Nurzhauov

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университеті, Шымкент қ.

Аннотация Мақалада Оңтүстік Қазақстан облысындағы, соның ішінде Мақтаарал ауданындағы, ауыл шаруашылық құрылымдарды ірілендірудің қаржы үлгісі көптеген ауылдардағы ірілендіру мәселесін шешуге жол бере алады. Мақалада ұсынған интеграция жолдары тәжірибеде қолдануға болатынының ғылыми дәлелдемесі болып табылады.

Кілт сөздер: ауыл шаруашылық құрылымдар, Оңтүстік Қазақстан облысы, ауыл шаруашылығы, талдау және бағалау, шаруа (фермер) қожалықтары, ауыл шаруашылық кәсіпорындар

Кіріспе Оңтүстік Қазақстан облысының (ОҚО) ерекшелігі барлық аумақтық-әкімшілік бірліктер, қалаларды қоса алғанда (Шымкент қаласын да қоса), ауыл шаруашылық өндірістің субъектілері болып табылады. Оның ішінде жартыдан сәл ғана кем ауыл шаруашылығы өнімдерінің жалпы көлемін қамтамасыз ететін 3 аудан бар: Мақтаарал, Сарыағаш, Сайрам.

Материалдар мен әдістер Мақалада жүйелік, логикалық, статистикалық, баланстық талдау әдістері, ЭММ пайдаланылды.

Зерттеу нәтижелері Ауыл шаруашылық құрылымы қаржы жағынан басқару моделін анықтау тәсілдері ретінде ықшамдалған үдерістің қаржы тарабының математикалық бейнесі ретінде тиісті шешімдерді қарауға болады. Қаржы моделі толық анықталған қаржы жағдайын немесе жеңілдетілген математикалық теңестірудегі қаржы байланыстарын (шындыққа жанасатындығымен) анықтайды. Қаржы моделі келесілерді жүзеге асыруды қамтамасыз ете алады:

- оқиғаның (жағдайдың) болу ықтималдығын және оған сыртқы ортаның әсер етуін бағалау;

- қаржы ағымын бағалау;
- қаржы құрылымы жүйесін оңтайландыру;
- сыртқы және өзіндік қаржы байланыстарын анықтау.

Аталған моделді жүзеге асырудың алгоритмі бірнеше кезеңдерді қамтиды:

- Нақты бағытталған индикаторларды орнату, ауыл шаруашылық құрылымы бағыттарын ірілендіру;

- қаржыландыру көздерін анықтау өзіндік және сыртқы капиталды мобилизациялау;

- ішкі және сыртқы факторлардың ықпалын анықтау арқылы тиімді қаржы құрылымын таңдау;

- қаржы құрылымына әсер етуші сыртқы және ішкі факторларының әсерін өзгерту арқылы басқару құрылымын ойлап табу.

Қаржы моделі экономикалық үлгімен тығыз байланысты, себебі экономикалық үлгі зерттеу үрдістеріне қатынасушылардың және олардың қызметінің негізгі параметрлерін қаржы нәтижелермен сабақтастырады, өзгешелікті және шектеулерді ескереді.

Зерттеу нәтижелерінде шыққан негізгі бекітулер: ауыл шаруашылық құрылымы бағыттарын ірілендіру- ауыл шаруашылық құрылымының өндірісін сақтай отырып оның өнімділігін арттыру. Мақтаарал ауданы жағдайында, ең басты ауыл шаруашылық

құрылымына көбінесе Ш(Ф)Қ және ауыл шаруашылық өндірістері субъектілері, хылықтың жеке шаруашылығы жатады.

Ауыл шаруашылық құрылымын ірілендіру бағыты, біздің ойымызша, ауыл шаруашылық құрылымдарын біріктіру процесіне қарсылары мен жақтастары бар. Жақтастары ретінде – бағалаушылар, ғалымдар, барлық дәрежедегі мемлекеттік басқару құрылымдары кіреді. Оны дәлелдеу ретінде: бәсекеге қабілетті агроөнеркісіп комплексі дамыған елдерде қазіргі таңда майда фермерлік шаруашылықтарды қамтымайды, ол ірі корпаративті мекемелерді, ХХІ ғасыр жетістігін меңгерген (жерді ресурстық сақтандыру, биотехнология, заманға сай инновациялық маркетинг) кәсіпорындарды қамтиды. Олар 75 пайыз агралық секторға көрсетілетін мемлекеттік қолдауды алып отыр [1].

АӨК бірігу қатынастарын жүзеге асыру механизмі келесілерді қамтиды:

- қорлардың және қызметтердің қол жетімді болуы;
- өзара капиталда қосатын меншіктерді консолидациялау, қайта ұйымдастыруды біріктіру;
- басқару құқықтары қызметін ерікті орталықтандыру .

Интеграциялық қалыптасу анықтамасын кәсіпкерлік қызметтердің бірігуі ретінде интеграциялық құрылымдарды пайдалана отырып жұмыс жасауды көтеруге және бәсекелестікті көтеретін жүйелі құрылымды жасауға, сыртқы және ішкі ортаның әсер етуі тікелей байланысты. Интеграцияның түрлері тиісті критерилердің болуымен анықталады (кесте 1).

Кесте 1 - Интеграция тәсілдерінің негізгі және идентификациялық критерилерінің түрлері

Позиция атауы	Интерграция түрлері		
	Көлденең	тігінен	диверсификация
Теңестіру белгілері	-бір сала; - бірдей өнім (өндіріс кезеңдері); -бизнес-процестердің бірыңғайлығы	-бірнеше сала; -әртүрлі өнім; бизнес-процестің жинақылығы	-бірнеше сала; -әртүрлі өнім; бизнес-процестің жинақылығы
Экономикалық тиімділік	Аумақтарда үнемдеу	Өндіріс барысындағы қосымша шығындарды азайту	Экономикалық тәуекелдікті азайту; Пайдасы жоғары салаларға қаржы ресурстарын оңтайлы бөлу;
Нарықтық тиімділік	Нырқта өнімнің өсуі. Бірыңғай өткізу және маркетингтік саясат	Өзіндік құны бағасын азайту есебінен бәсекеге қабілеттікті көтеру	Болмашы
Ескертпе: авторлармен қолданған материалдармен жасалды [2]			

Интеграциялық бағыттардың екі негізгі түрлері бар, олар «сыртқы» және «ішкі» интеграция.

Ішкі интеграция тік және көлденең интеграцияны білдіреді, олар жан-жақты біріктірулерге және шарушылық субъектілерін біріктіруге бағытталған.

Сыртқы интеграция жеке өндіріс түрлерін айқындауға, бизнес-құрылымды анықтауға, солардың интеграциялық құрылу бағыттарын сақтауға бағытталады. Интеграциялық құрылудың дамуы әртүрлі сыртқы және ішкі интеграция процестерінің негізінде және де олардың тарауы негізінде құрылады.

Егер мәселе көлденең біріккен құрылымдар жайлы немесе көлденең әлеуетті біріккен субъектісі болса, егер бірдей өнім шығаратын және ұқсас технологияларды пайдаланса, дезинтеграцияланған құрылым бөлімдерін интеграция барысында пайда болған интеграциялық құрылымды синергетикалық әсерді қоса отырып, тиімді салыстыруға болады.

Егер тік ықпалдастықты бағалайтын болсақ, соңғы өнімді өндіретін кәсіпорындарды біріктіру әр түрлі қызмет атқарады, әрине әр бөлімнің орташа салалық тиімділік бағасы қарастырылады. Осыған орай бөлімдердің қызметінің тиімсіз жақтары анықталады.

Құнсызданатын құрылымның тиімділігін бағалау тік интеграцияланған құрылымның бағалау тәрізді жүзеге асырылады. Бағалауда критерилерді бағалау және маңызды көрсеткіштерді анықтау маңызды болып табылады.

Көлденең интеграцияланған, тік интеграцияланған және құнсызданатын кәсіпкерлік құралдардың жалпы ортақ көрсеткіш бағаларын көрсетуге болады, кәсіпкерлік қалыптастырудың барлық үш түрін қолдануға, бағаның ортақ көрсеткіштерін ерекшелеуге болады, және ерекше қолданылуы тиімді интеграциялық түрлерге байланысты немесе диверсификацияланған бағалауды қолдануға болады. Әр кәсіпкерлік құрылымы түрлері пайда болуында ерекше көрсеткіштерді бөліп тік, көлденең интеграцияланған және құнсызданатын кәсіпкерлік құрылымы және ерекше тиімді пайда болуын көрсетеді.

Ауыл шаруашылық құрылымдарын интеграциялау жер үлестерін бір мақсатта біріктіруден, яғни – оны тиімді пайдаланудан басталады. Бірақ кәсіпкерлікпен шұғылдану әрекетінде дезинтеграцияланған майда шаруашылықтардың болуы қиындыққа тірелтеді.

Келесі қадам егіс далаларын диверсификациялау болып табылады, оның нәтижесі жоғарғы өнімді ауыл шаруашылық өнімдерін шығару бағытындағы қызмет болуы тиіс. Осы кезеңнің нәтижесі ретінде:

- материалдық ресурстарды қолдануды, ауыл шаруашылық техникаларын, қызметтерін, және де ауыл шаруашылық өнімдерін шығаруда әсер ететін барлық әрекеттерді де жөнге келтіру;
- өнімділікті жоғарылату;
- өндіріс шығындарды төмендету;

Барлық кезеңдерде қосымша табысты алуға немесе шығынды азайтуға мүмкіндік беретін тиімділіктер құрастырады.

Интеграциялану процесінің әсері ақшалай баламасы болып табылады, біздің пікірімізше, қосымша ішкі көздердің интеграциялық құрылымы, немесе оның қаржыландыруы болып табылады.

Сонымен бірге, ішкі потенциал - төменгі деңгейдегі жүйелердің әлеуетті туындысы болып табылады, және синергетикалық әсер сияқты жүзеге асырылады. Өндірістік потенциал, бұрын пайдаланылмайтын қорлардың өндіріске тартуы мүмкіндігімен ішкі потенциалдың бөлігі бола тұра, толығырақ өндіріс қуаттарының жүктеуі және масштабтың әсер етуі мүмкіндігін көрсетеді. 2-кестесінде кәсіпкерлік құрылымын интеграциялаудың әр түрлі түрлерінің қызметтік бағалау көрсеткіштері көрсетілген.

Мемлекеттік қолдау және реттеудің потенциалы мемлекеттік қатысу көлемімен өлшенеді және салыстырғанда дезинтеграцияланған түсінікті интеграциялау құрылымына преференциялар қолданады.

Кесте 2 - Кәсіпкерлік құрылымын интеграциялаудың әр түрлі түрлерінің қызметтік бағалау көрсеткіштері

Бағалай критерий	Тиімділік көрсеткіштері			«нүктелер» ішкі қаржыландыру көздерінің құрылуы
	Көлденең интеграция	Тік интеграция	диверсификация	
Кәсіпорындар құрылымының өсуіне сәйкес нарықтағы өсу деңгейі	Жаңа өнім түрлерінің көлемі	Тұтынушылар санының артуы		
	Нарықтағы үлесінің өзгеруі		Нарықтағы үлесінің өзгеруі	
	Өнімнің сатылу рентабелділігі	Өнім сапасының артуы	Өнімнің сатылу рентабелділігі	
	Сатылу деңгейінің өсуі			+
	Соңғы өнімдегі қосымша бағаның өсуі			
	Өндірістік ресурстарды пайдалану тиімділігі	-өнімді өндірудегі өнімділіктің артуы - қор, материалдық берілістердің жоғарылауы, тірілей еңбекті пайдалану		
Экономикалық қызметті өзгертудегі тәуекелдердің өзгеруі				
Максималды қаржылық көрсеткіштерге жету	- кіріс деңгейінің өсуі, өнімнің рентабелділігі, өндірісі, негізгі және қосымша қорлар, 1га жерге салынған капиталдың пайдалылығы.			+
Ескертпе: авторлармен құрастырған				

Ауыл шаруашылық кешендерінің ірілендіруі және тиімді ауыл шаруашылық өндірісті жүргізу процесінде мемлекеттің араласуы, шығынның бір бөлігінің орнын толтыруы арқылы мембағдарламалар бойынша тікелей қаржыландырудан басқа, жәрдем беру (субсидия) арқылы іске асады.

Мақтарал ауданының ауыл шаруашылық кешендерін субсидиялау үшін қолайлы сомалар, бізден сыртқы қаржыландыру көздері ретінде қаралады.

2010 ж. бастап ауыл шаруашылық өнімдерін субсидиялау басымдылығы мына қолдауларға ауысты:

- Өндірісті ірілендіру;
- Мал шаруашылығы мен өсімдік шаруашылықтарына тиімді технологияларды енгізу және қолдану;
- Субсидияның тікелей тауар өндірушілерге бағыталуы.

Интеграциялық процестен синергетикалық әсер төмендегіше көрінеді:

1. Егін себетін жерлердің қолдануының тиімділігі:

- ғылыми технологияларды қолдана отырып егін себетін жерлердің құнарлығын жақсарту;

- ауыл шаруашылық өнімдерінің артуы.

2. Жабдықтау процесінің тиімділігі:

- жабдықтаудағы бірыңғай жүйе есебінен шығындардың төмендеуі;
- сатып алу көлемінің артуы есебінен бағаның төмендеуі.

3. Өндірістік процестің тиімділігі:

- соңғы технологиялық жетістіктерді пайдаланып ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру;
- ауыл шаруашылық өнімдерін өндіру кезеңдерінде жоғарғы өнім беруші жабдықтарды пайдалану;
- бастапқы ауыл шаруашылық шикізаттарын терең өңдеу процесін қоса алғанда өндірістік қорлардың толық қолдануын шоғырландыру;
- интеграциялық біріккен өнім бағасына қосымша құнның өсуі.

4. Өнім өткізу процесінің тиімділігі:

- ортақ маркетинг шараларының өткізуі;
- тізбектемені кеңейту және өндірілетін өнімнің түрлері (ассортименті);
- нарықтағы үлесін күшейтуге байланысты бәсекелестік деңгейінің жоғарылауы;

5. Қаржыны басқару тиімділігі:

- қаржыландыру - өзіндік қаржыландырудың ішкі көздерінің пайда болуы;
- несиелік қаржы көздерінің болуы, капитал шығындарының төмендеуі;
- қаржыны қайтара алмау тәуекелінің төмендеуі;
- қаржылық тұрақтылықтың жоғарылауы.

Осыған орай мынадай қорытындылар жасауға болады:

- шаруашылық бірлестіктерді ірілендіру- тиімділікті және бәсекелестікті арттыруды қамтамасыз ететін, бірлескен қызмет барысында жақсы нәтиже көрсетуге бағытталған, жаңа ықпалдастықты қалыптастырудағы шашыраңқы өндірістік- шаруашылық базасында субъектілерді қалыптастыру үдерісі;

- қаржылық модель ықпалдастық барысында пайда болатын белгілі бір қаржылық жағдайдың жалпы сипатын немесе қаржылық қатынастарын білдіреді;

- мемлекеттік араласу- шаруашылық бірлестіктерді ірілендіру барысында нәтижелі ауыл шаруашылығы өндірісін ендіруді қаржыландырудың сыртқы көзі болып табылады және мемлекеттік бағдарлама бойынша тікелей қаржыландыру әдісі немесе субсидия алу арқылы шығынның бір бөлігін қайтару бойынша жүзеге асырылады;

- біздің ойымызша, қаржыландырудың ішкі көздеріне барлық экономикалық және өндірістік нәтижелер кіреді яғни, ықпалдастыру барысындағы бастапқы дәнді егуден бастап дайын өнімге дейінгі аралықты қамтиды.

1. Садуакасова К.Ж. Қазақстан Республикасы аграрлық бағытында интеграциялық процестерді дамыту; <http://www.be5.biz>

2. Ю.В.Качапкина, Г.С.Мерзликина Разработка методики оценки эффективности интегрированных формирований в промышленности Вестник АГТУ. Серия «Экономика» 2011 №1

3. Қазақстан субсидиялау механизмдерін өзгертті 03.02.2010 Авторы: zakon.kz.

4. Т. Есполов Наука для нового этапа АПК <http://www.baiterek.kz>

В статье приведены принципы и порядок разработки финансовой модели укрупнения предприятий сельского хозяйства. Финансовая модель представляет комплексный характер определенной финансовой ситуации или ряда финансовых отношений, возникающих в ходе интеграционного процесса.

Principles and order of development of financial model of merger of enterprises of agriculture are given in article. The financial model represents complex character of a certain financial situation or a number of the financial relations arising during integration process.